



Бекітемін  
«Күншуақ» жекеменшік  
бөбекжай-бақшасы  
директор А. Е. Баянова

**«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы**  
**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары**  
**2024-2025 оқу жылы**

№	Отырыс тақырыбы	Қатысушылар санаты	Жауаптылар
<b>Қыркүйек</b>			
1	№1 Педагогикалық әдеп кеңесі отырысы. 1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2. Педагогтердің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Кеңес мүшелері	Кеңес мүшелері
<b>Қараша</b>			
2	№2 Педагогикалық әдеп кеңесі отырысы. 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика. 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.	Кеңес мүшелері	Төрайым
<b>Қаңтар</b>			
3	«Педагог дауысы» ашық брифинг.	Кеңес мүшелері	Төрайым
<b>Наурыз</b>			
4	№3 Педагогикалық әдеп кеңесі отырысы.	Кеңес мүшелері	Төрайым

	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Педагогтердің құқықтары.</li><li>2. Педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп этикалық нормалары.</li><li>3. Бөбекжайдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.</li></ol>		
--	--	--	--

**«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы**  
**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**  
**№1 Хаттамасы**

Таушық ауылы  
Қ. Жұбайұлы №33

13 қыркүйек 2024

Қатысқандар:

1. Қосуақова Рысхан – төрайымы, аналар кеңесі төрайымы;
2. Кушакбаева Жанна – Түпқараған ауданы оқу әдістемелік орталығы әдіскері;
3. Тастемирова Жанилсин – мүшесі, ардагер ұстаз;
4. Жамишова Гүлжихан – мүшесі, психолог;
5. Ходжа-Ахметова Камшат – мүшесі, тәрбиеші;
6. Медиманова Айгул – мүшесі, аналар кеңесі мүшесі;
7. Жаксылыкова Айгуль – хатшы, бөбекжай әдіскері.

**Күн тәртібінде**

1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.
2. Педагогтердің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

**1-ші мәселе бойынша:**

**Баяндамашы:** Қосуақова Рысхан

**Мазмұны:** Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес ұйымдағы этикалық мәдениетті қалыптастыру мақсатында құрылады. Кеңес педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауына ықпал етеді. Кеңес жұмысы ұжымдағы сыйластық пен ынтымақтастықты нығайтады.

**2-ші мәселе бойынша:**

**Баяндамашы:** Медиманова Айгул

**Мазмұны:** Педагогтің сыртқы келбеті кәсіби мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Ұқыпты және жинақы бейне ұйымның беделін арттырады. Педагог балалар мен ата-аналарға әрдайым үлгі болуы тиіс.

**3-ші мәселе бойынша:**

**Баяндамашы:** Ходжа-Ахметова Камшат

**Мазмұны:** Педагогикалық этика нормаларын сақтау әр педагогтің кәсіби міндеті болып табылады. Әдеп талаптарын сақтау ұжымдағы сенім мен

сыйластықты нығайтады. Кәсіби этика білім беру ұйымының беделін арттыруға ықпал етеді.

### Шешімдер:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы мен жұмыс жоспары бекітіліп, жұмыс тұрақты түрде жүргізілсін.
2. Педагогтер кәсіби міндеттерін орындау барысында сыртқы келбетке қойылатын талаптарды сақтасын.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау барлық педагогтердің күнделікті қызметінде басшылыққа алынсын.

### Отырыс қорытындысы:

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, кәсіби мәдениетті қалыптастыру және педагогтің жағымды имиджін нығайту – білім беру ұйымы қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Әрбір педагог кәсіби этика талаптарын сақтай отырып, балаларға, ата-аналарға және әріптестеріне үлгі болуы тиіс. Әдептілік, жауапкершілік және өзара құрмет ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуал мен сапалы тәрбие-білім беру үдерісінің негізі болып табылады.



Кеңес төрайымы:

Хатшы:

Р. Қосуақова

А. Жақсылықова

**№1 Баяндама тақырыбы:** Педагогикалық этика және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту

**Мақсаты:** Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметімен таныстыру, оның міндеттері мен жұмыс тәртібін айқындау және педагогикалық этика қағидаларын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.

### **Қайырлы күн, құрметті әріптестер!**

Бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің алғашқы отырысында қаралатын маңызды мәселелердің бірі – педагогикалық этика қағидаларын сақтау және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру туралы ережені қарау және бекіту.

Қазіргі қоғамда педагог тұлғасына қойылатын талаптар жылдан жылға артып келеді. Педагог тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар балаға өнеге көрсететін, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыратын тұлға болып табылады. Сондықтан педагогикалық этика нормаларын сақтау білім беру ұйымының сапалы жұмыс істеуінің маңызды шарттарының бірі саналады.

Педагогикалық әдеп – педагогтердің кәсіби қызметі барысында ұстанатын моральдық қағидалары мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы. Әдептілік пен кәсібилік өзара тығыз байланысты ұғымдар болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымындағы этикалық мәдениетті дамыту мақсатында құрылады. Кеңестің басты міндеті – педагогтердің кәсіби әдеп талаптарын сақтауына ықпал ету, құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру. Кеңес өз жұмысында қазақстан республикасының заңнамаларын, педагог мәртебесі туралы заңды және педагогикалық әдеп қағидаларын басшылыққа алады.

### **Кеңестің негізгі функциялары:**

- педагогикалық әдеп нормаларын түсіндіру;
- ұжымдағы кәсіби қарым-қатынасты нығайту;
- этикалық сипаттағы мәселелерді қарау;
- педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес педагогтер арасында өзара құрмет пен сенімді қалыптастыруға бағытталған консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

### **Ұсыныстар**

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту.
2. Кеңестің жылдық жұмыс жоспарын қабылдау.
3. Педагогикалық этика нормаларын тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.



**№2 Баяндама тақырыбы:** Педагогтердің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті

**Мақсаты:** Педагогтердің кәсіби имиджін қалыптастырудағы сыртқы келбеттің рөлін түсіндіру және қызметтік әдеп талаптарына сәйкес ұқыпты киіну мәдениетін насихаттау.

### **Қайырлы күн, құрметті әріптестер!**

Бүгінгі қарастырылатын маңызды мәселелердің бірі – педагогтердің кәсіби қызметті атқару кезіндегі сыртқы келбетіне қойылатын талаптар. Педагогтің сыртқы келбеті оның кәсіби мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Әрбір педагог балаларға тәрбие беріп қана қоймай, өзінің сыртқы келбеті мен мінез-құлқы арқылы үлгі көрсетеді.

Бөбекжай – бала тұлғасының қалыптасуындағы алғашқы әлеуметтік орта. Сондықтан педагогтің ұқыпты әрі жинақы келбеті балалардың эстетикалық талғамын тәрбиелеуге де ықпал етеді.

Педагогтің сыртқы келбеті әрдайым ұқыпты, таза және қызметтік ортаға сәйкес болуы қажет. Киім үлгісі жұмысқа қолайлы, жинақы және іскерлік стильге сай болуы тиіс.

### **Балабақша педагогіне қойылатын негізгі талаптар:**

- Ыңғайлы әрі қарапайым киім;
- Ашық, көзге қатты түспейтін түстер;
- Қысқа, тар немесе тым ашық киімдерден бас тарту;
- Ұқыпты аяқ киім (биік өкше емес немесе өте төмен емес);
- Қолайлы шаш үлгісі (жиналған немесе ұқыпты таралған);
- Минималды әшекей бұйымдар.

Киімнің басты мақсаты – баламен еркін жұмыс істеуге кедергі келтірмеу және кәсіби ортаға сай болу.

Педагог үнемі жеке бас гигиенасын сақтауы қажет. Таза киім, ұқыпты тырнақ, жағымды иіс – кәсіби этиканың негізгі бөлігі. Бұл балалардың санитарлық мәдениетін қалыптастыруға да әсер етеді.

Сыртқы келбет тек киіммен шектелмейді. Ол педагогтің:

- сөйлеу мәнері;
- мимикасы;
- жүріс-тұрысы;
- эмоцияны басқаруы;

сияқты ерекшеліктерімен толықтырылады.

Педагог өзін сабырлы, мейірімді және мәдениетті ұстаса, балалар да соған бейімделеді.

### **Педагогтің сыртқы келбеті:**

- баланың эстетикалық талғамын дамытады;
- тәртіп пен тазалыққа баулиды;
- сенімділік сезімін қалыптастырады;

- ересек адамға деген құрметті арттырады.

### Ұсыныстар

1. Педагогтердің қызметтік киім мәдениетін сақтауын бақылау.
2. Іскерлік стиль талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
3. Педагогикалық әдеп талаптарына сәйкес келмейтін жағдайлардың алдын алу.
4. Ұжымда кәсіби мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру.

**Қорытындылай келе**, педагогтің сыртқы келбеті оның кәсіби мәдениетінің көрсеткіші болып табылады. Ұқыптылық, жинақылық және мәдениеттілік педагог беделін арттырып, білім беру ұйымының оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.

### Назарларыңызға рахмет!

**№3 Баяндама тақырыбы:** Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

**Мақсаты:** Педагогтердің кәсіби қызметінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау жауапкершілігін арттыру және әдепті қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

### **Қайырлы күн, құрметті әріптестер!**

Бүгінгі баяндаманың тақырыбы – педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Педагог мамандығы қоғамдағы ең жауапты және беделді мамандықтардың бірі болып саналады. Сондықтан педагогтің кәсіби қызметі жоғары моральдық жауапкершілікті талап етеді.

Педагогикалық этика – педагогтің балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас жасау мәдениетін айқындайтын маңызды қағидалар жүйесі.

Педагог қызмет барысында заңдылық, әділдік, адалдық, жауапкершілік және адамгершілік қағидаларын басшылыққа алуы қажет.

### **Этикалық нормаларды сақтау мыналарды қамтиды:**

- балалардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- әріптестермен сыпайы және мәдениетті қарым-қатынас жасау;
- ата-аналармен өзара түсіністік орнату;
- қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау;
- кәсіби міндеттерді адал орындау;
- әлеуметтік желілерде педагог мәртебесіне сай мінез-құлық таныту.

Этикалық нормаларды бұзу ұжымдағы ахуалға кері әсер етіп, білім беру ұйымының беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан әр педагог өзінің мінез-құлқы мен әрекетіне жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Педагогикалық этиканы сақтау ұжымдағы сенімді, қауіпсіз және қолайлы ортаны қалыптастырады.

### **Балабақша тәрбиешісінің педагогикалық этикаға сәйкес негізгі міндеттері:**

1. Баланың құқықтарын қорғау және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
2. Баламен жылы, мейірімді қарым-қатынас орнату;
3. Әр баланың жеке ерекшелігін ескеру;
4. Ата-аналармен сенімді серіктестік орнату;
5. Ұжымда сыйластық пен ынтымақтастықты сақтау;
6. Кәсіби құпияны сақтау;
7. Өз іс-әрекетінде үлгі болу (киім үлгісі, сөйлеу мәдениеті, тәртібі)

### **Этикалық нормаларды бұзу салдары, нормалардың сақталмауы:**

- бала психикасына кері әсер етеді
- ата-аналар сенімінің төмендеуіне әкеледі

- ұжымдағы қарым-қатынасты бұзады
- педагог беделін түсіреді

### **Балабақшадағы этикалық мәдениетті қалыптастыру жолдары**

- тұрақты тренингтер өткізу
- педагогикалық кеңестер ұйымдастыру
- этика ережелерін күнделікті тәжірибеде қолдану
- ұжымдық мәдениетті дамыту
- өзара бақылау және қолдау жүйесін қалыптастыру

### **Ұсыныстар**

1. Педагогикалық этика қағидаларын күнделікті қызметте басшылыққа алу.
2. Әріптестермен және ата-аналармен қарым-қатынаста әдептілік таныту.
3. Әлеуметтік желілерде кәсіби мәдениетті сақтау.
4. Этикалық мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.

**Қорытындылай келе,** педагогикалық этика нормаларын сақтау әрбір педагогтің кәсіби міндеті болып табылады. Әдептілік пен жауапкершілік ұйымдағы жағымды ахуалдың негізін қалайды. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау білім беру сапасының артуына және ұйым беделінің нығаюына ықпал етеді.

### **Назарларыңызға рахмет!**

**«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы**  
**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**  
**№2 Хаттамасы**

Таушық ауылы  
Қ. Жұбайұлы №33

15 қараша 2024

Қатысқандар:

1. Қосуақова Рысхан – төрайымы, аналар кеңесі төрайымы;
2. Кушакбаева Жанна – Түпқараған ауданы оқу әдістемелік орталығы әдіскері;
3. Тастемирова Жанилсин – мүшесі, ардагер ұстаз;
4. Жамишова Гүлжихан – мүшесі, психолог;
5. Ходжа-Ахметова Камшат – мүшесі, тәрбиеші;
6. Медиманова Айгул – мүшесі, аналар кеңесі мүшесі;
7. Жаксылыкова Айгуль – хатшы, бөбекжай әдіскері.

**Күн тәртібінде**

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті

**1-ші мәселе бойынша:**

**Баяндамашы:** Кушакбаева Жанна

**Мазмұны:** Жиында заманауи ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік желілердің (Instagram, TikTok, WhatsApp топтары) өбекжай өміріндегі рөлі талқыланды. Педагогтардың жеке және мекеменің ресми парақшаларында тәрбиеленушілердің фото-видеоларын жариялауының құқықтық және этикалық қырлары сөз болды. Баланың жеке құпиялылығын сақтау, оның қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін (ыңғайсыз сәттер, жылаған, киімі ретсіз кезі) кадрларды желіге жүктемеу, сондай-ақ педагогтың жеке аккаунтындағы мазмұнның кәсіби мәртебеге сай болуы қажеттілігі айтылды.

**2-ші мәселе бойынша:**

**Баяндамашы:** Жамишова Гүлжихан

**Мазмұны:** Бұл мәселе бойынша тәрбиеші мен бала, тәрбиеші мен ата-ана, және ұжым ішіндегі қарым-қатынас мәдениеті қаралды. Педагогикалық тактиканың негізі — өлшем (такт) сезімін сақтау, баланың жеке тұлғасын құрметтеу екені түсіндірілді. Дағдарысты және конфликтілі жағдайларда (балалар арасындағы келіспеушіліктер, ата-аналардың шағымдары) сезімге берілмей, сабырлық таныту, мәселені заң мен ішкі тәртіп аясында, кәсіби



**№1 Баяндама тақырыбы:** Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық және құқықтық нормаларды сақтау  
**Мақсаты:** Бөбекжай педагогтарының цифрлық кеңістіктегі құқықтық сауаттылығын арттыру, тәрбиеленушілердің құқықтарын қорғау және мекеменің кәсіби имиджін қалыптастыру.

### **Құрметті әріптестер!**

Қазіргі таңда заманауи бөбекжайдың тыныс-тіршілігін, өткізілген іс-шаралары мен тәрбиеленушілердің жетістіктерін әлеуметтік желілерсіз (Instagram, TikTok, Facebook, WhatsApp) елестету мүмкін емес. Бұл — бір жағынан бөбекжайдың ашықтығын көрсетсе, екінші жағынан педагогтарға үлкен құқықтық және этикалық жауапкершілік жүктейді. Желіде жарияланған кез келген фото немесе бейнеролик тек тәрбиешінің ғана емес, бүкіл білім беру мекемесінің атынан сөйлейді. Сондықтан, цифрлық кеңістікте этикалық және құқықтық шекараларды білу және оны қатаң сақтау — бүгінгі күннің басты талабы.

### **Құқықтық негіздер және ата-ананың келісімі**

Бөбекжайдағы балалар — кәмелетке толмаған тұлғалар. Сондықтан олардың суреттері мен бейнелерін көпшілікке ұсынудың ең бірінші шарты — заңдылық.

- **Жазбаша келісім (Басты құжат):** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, баланың бейнесін жариялау үшін оның ата-анасының немесе заңды өкілдерінің ресми жазбаша келісімі болуы шарт. Тіпті балабақшаның ресми парақшасы болса да, бұл ереже айналып өтуге келмейді.
- **Жеке деректердің құпиялылығы:** Суреттер мен видеолардың астына баланың аты-жөнін, туған күнін немесе отбасылық жағдайына қатысты ақпараттарды нақты жазып көрсетуге тыйым салынады. Бұл баланың қауіпсіздігі үшін маңызды.

### **Фото және бейнематериалдардың мазмұнына қойылатын этикалық талаптар**

Желіге жүктелетін әрбір кадр сұрыптаудан өтуі тиіс. «Не нәрсені жариялауға болады, не нәрсеге тыйым салынады?» деген сұраққа келсек:

- **Баланың қадір-қасиетін қорғау:** Баланың ыңғайсыз, күлкілі немесе аянышты сәттерін жариялауға мүлдем болмайды. Мысалы: баланың жылап жатқан сәті, тамақ жеп отырып үстін былғап алғаны, киімі ретсіз немесе толық киінбеген сәттері (ұйқыдан тұрған кез, бассейндік іс-шаралар). Мұндай кадрлар баланың болашақта құрдастары арасында келемежге ұшырауына әкелуі мүмкін.
- **Позитивті және тәрбиелік бағыт:** Жарияланатын материалдар тек оң мазмұнда болуы керек. Баланың шығармашылығы, ойын сәттері, мерекелік шаралар мен логикалық тапсырмаларды орындау барысындағы сәтті сәттері ғана көрсетілуі тиіс.
- **Реализмді сақтау:** Суреттерді немесе видеоларды өңдеу (монтаждау) барысында баланың табиғи бет-әлпетін танымастай өзгертуге, жасанды

интеллект бағдарламаларымен шамадан тыс «әдемілеуге» жол берілмейді. Баланың шынайы бейнесі мен болмысы сақталуы керек.

### **Педагогтың жеке аккаунты және кәсіби имидж**

Тәрбиешінің жеке әлеуметтік желідегі парақшасы — оның қоғамдағы мәртебесінің айнасы.

- Жеке және кәсіби өмірдің шекарасы: Педагог өзінің жеке парақшасына балабақша балаларының суреттерін өзінің жеке контенті ретінде (ата-ананың рұқсатынсыз) жүктемеуі тиіс.
- Мұғалім имиджі: Тәрбиеші өзінің жеке парақшасында қоғамдық этикаға, ұлттық құндылықтарға қайшы келетін, тұрпайы әзілдері бар немесе тым ашық бейнедегі материалдарды жариялаудан тартынуы қажет. Әлеуметтік желідегі кез келген жазбаңызды ата-аналар, әріптестер мен басшылық көретінін ұмытпаған жөн.
- Ұжымдық этика: Әріптестерді, басқа тәрбиешілерді олардың келісімінсіз суретке түсіріп, желіге салу — ұжымдық этиканы бұзу болып табылады.

### **Қорытынды**

Электронды ресурс пен әлеуметтік желі — бұл бөбекжайдың жұмысын насихаттайтын жақсы құрал, бірақ ол заң мен этика аясында жұмыс істеуі тиіс. Желіге сурет жүктемес бұрын, әрбір педагог өзіне: «Осы сурет баланы ыңғайсыз жағдайға қалдырмай ма? Бөбекжайдың абыройына нұқсан келтірмей ме?» деген сұрақты қоюы керек.

Цифрлық әдепті сақтау — бала құқығын құрметтеудің және педагогтың өз кәсіби шеберлігін жоғары деңгейде көрсетуінің басты кепілі.

### **Назарларыңызға рақмет!**

**№2 Баяндама тақырыбы:** Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика  
**Максаты:** Педагогтардың кәсіби этика мен педагогикалық такт (өлшем сезімі) туралы түсініктерін тереңдету, мектепке дейінгі ұйымдағы бала, ата-ана және әріптестер арасындағы оңтайлы психологиялық климатты қалыптастыру.

### **Қайырлы күн әріптестер!**

Бүгінгі қозғалатын тақырып Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика — бөбекжайдағы тиімді қарым-қатынастың негізі.

Бөбекжай — бұл баланың әлеуметтік ортамен алғашқы танысу және тұлға ретінде қалыптасу кеңістігі. Осы кезеңде баланың жанында жүрген тәрбиешінің әрбір іс-әрекеті, шешімі мен мінез-құлқы оның болашағына тікелей әсер етеді. «Педагог мәртебесі туралы» Заң аясында ұстаздар қауымына жоғары кәсіби талаптар қойылып отыр. Осы талаптардың өзегі — **педагогикалық әдеп пен педагогикалық тактика**. Әдеп педагогтың жалпы ішкі мәдениетін көрсетсе, тактика — сол мәдениетті күнделікті жұмыста, әсіресе күтпеген немесе қиын жағдайларда шебер қолдана білу өнері.

#### **1. Педагогикалық әдеп және өлшем (такт) сезімі**

Педагогикалық такт — бұл ең алдымен баланың ішкі әлеміне үлкен құрметпен қарау және онымен қарым-қатынаста **өлшем сезімін** жоғалтпау. Бөбекжай жасындағы бала өте сезімтал келеді, ол өзіне жасалған әділетсіздікті немесе дөрекілікті тез қабылдайды.

- **Баланың жеке тұлғасын құрметтеу:** Бөбекжайдағы әрбір бала — өзіндік мінезі, қарқыны және отбасылық тәрбиесі бар жеке тұлға. Тәрбиеші баланың қателігін немесе кемшілігін өзге балалардың көзінше айтып, оны келемеждеуге, салыстыруға («Сен неге ана бала сияқты емессің?» деп) мүлдем құқығы жоқ.
- **Талапшылдық пен мейірімділіктің тепе-теңдігі:** Нағыз педагогикалық тактика — бұл балаға сезімталдық таныта отырып, сонымен бірге ортақ тәртіп ережелерін де талап ете білу. Тым еркін жіберу де, тым қатты қысым көрсету де баланың психологиясына теріс әсер етеді.

#### **2. Күрделі жағдайларды шешу (Педагогтың конфликтологиялық мәдениеті)**

Бөбекжай өмірінде түрлі келіспеушіліктер жиі кездеседі: балалардың ойыншыққа таласуы, ата-аналардың ішкі реніштері немесе ұжым ішіндегі жұмыс барысындағы түсініспеушіліктер. Осындай сәттерде педагогтың тактикасы сыналады.

- **Балалар арасындағы шиеленіс:** Балалар ренжісіп қалған жағдайда, тәрбиеші «төреші» емес, «бағыттаушы» болуы керек. Баланы жазалау немесе ұрсу емес, оның сезімін түсіну («Сенің ренжіп тұрғаныңды түсінемін, бірақ...») және мәселені бірлесе шешу маңызды.
- **Ата-аналармен жұмыс:** Кейде ата-аналар балабақшаға ренішпен немесе шағыммен келуі мүмкін. Педагогикалық тактикасы жоғары маман ешқашан ата-анаға қарсы дауыс көтермейді, сезімге берілмейді.

Ол алдымен ата-ананы соңына дейін тындап, мәселенің мән-жайын байсалды түрде, заң мен Санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, ішкі тәртіпке сүйене отырып, кәсіби деңгейде түсіндіреді.

- **Әрекетті бағалау, тұлғаны емес:** Балаға немесе ата-анаға ескерту жасау қажет болса, «Сен жамансың» немесе «Сіздер балаға дұрыс қарамағансыздар» деген тікелей айыптаудан қашып, нақты іс-әрекетке ғана баға беру керек. Мысалы: *«Баланың бүгінгі ісі дұрыс болмады, бұны бірге түзеуіміз керек».*

### **3. Ұжым ішіндегі педагогикалық әдеп**

Педагогикалық тактика тек баламен шектелмейді, ол әріптестер арасындағы қарым-қатынасты да қамтиды.

- **Кәсіби ынтымақтастық:** Тәрбиешілер мен көмекші персонал (нянялар) арасындағы сыйластық жоғары болуы тиіс. Әріптесінің жұмысын балалардың немесе ата-аналардың көзінше сынау, өзара дауласу — педагогикалық әдепке мүлдем жат қылық.
- **Тәжірибе алмасу және қолдау:** Тәжірибелі педагогтардың жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, олардың қателіктерін ұжым алдында келемеждемей, жеке ескертіп, көмектесуі — жоғары кәсіби мәдениеттің белгісі.

#### **Қорытынды**

Педагогикалық әдеп пен тактика — бұл құрғақ ережелер жиынтығы емес, бұл — педагогтың күнделікті жұмыс құралы, оның кәсіби беделінің негізі. Бөбекжайдағы әрбір сәт, баланың жылы шыраймен қарсы алынуы, ата-ананың сұрағына байсалды жауап берілуі — осының бәрі біздің кәсіби деңгейімізді айқындайды.

Біз өзіміздің әрбір ісімізбен, ұстамдылығымызбен және педагогикалық тактімізбен балабақшаның мәртебесін биіктете түсетінімізді ұмытпауымыз керек.

**Назарларыңызға рақмет!**

**№3 Баяндама тақырыбы:** Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті  
**Мақсаты:** Бөбекжай педагогтарының сөйлеу мәдениетін кәсіби деңгейде арттыру, тілдік нормаларды сақтау және балалармен, ата-аналармен қарым-қатынаста сөз әдебінің рөлін айқындау.

### **Құрметті әріптестер!**

Қазіргі қозғалатын мәселе педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті — тәрбиеші беделінің басты көрсеткіші. Педагогтың басты жұмыс құралы, оның кәсіби қаруы — сөз. Балабақша жасындағы балалар айналасындағы ақпаратты, мінез-құлықты және сөйлеу мәнерін сіңіріп алатын өте сезімтал кезеңде болады. Сондықтан, тәрбиешінің сөйлеу мәдениеті — бұл жай ғана қарым-қатынас құралы емес, бұл бала үшін тікелей үлгі, тілдік эталон болып табылады. «Педагог мәртебесі туралы» Заң талаптарына сай, мұғалімнің немесе тәрбиешінің мәдениеттілігі оның сөз саптауынан, дауыс ырғағынан және тіл тазалығынан көрінеді. Педагогикалық әдеп пен сөйлеу мәдениеті — егіз ұғым.

#### **1. Бөбекжай педагогының тіл тазалығы мен нормалары**

Балалардың алғашқы сөздік қоры мен сөйлем құрау дағдылары бөбекжайда қалыптасады. Сол себепті педагогтың сөзіне қойылатын талаптар өте жоғары:

- **Әдеби тіл нормаларын сақтау:** Педагог өз сөзінде грамматикалық, орфоэпиялық (дұрыс дыбыстау) қателерге жол бермеуі тиіс. Сөз нақты, анық және мағыналы болуы керек.
- **Тұрпайы сөздер мен жаргондарға тыйым салу:** Сөйлеу барысында кәсіби этикаға жатпайтын дөрекі сөздерді, көше жаргондарын, диалектілер мен паразит сөздерді («әлгі», «сосын», «немесе» деген сияқты орынсыз қайталанулар) қолдануға мүлдем болмайды.
- **Ойыншық сөздерден қашу:** Бала кішкентай екен деп онымен тілін бұрап, сөздерді тым еркелетіп, бұзып сөйлесу (мысалы: «тәтті балапан», «тәпішке» сөздерін бұзып айту) баланың тілінің дұрыс шығуына кедергі келтіреді. Баламен басынан бастап анық әрі дұрыс тілде сөйлесу қажет.

#### **2. Дауыс ырғағы (Тон) және эмоционалдық мәдениет**

Бөбекжай баласы сөздің тек мағынасын ғана емес, оның қалай айтылғанын, яғни интонациясын өте қатты сезінеді.

- **Дауыс көтермеу — кәсіби міндет:** Бөбекжай тобында айқайлап сөйлеу, дауыс көтеру — бұл педагогикалық әдепсіздік және әлсіздіктің белгісі. Айқай баланың бойында қорқыныш немесе агрессия тудырады. Жұмсақ, байсалды, бірақ нық дауыс ырғағымен айтылған сөз балада қауіпсіздік пен тәрбиешіге деген сенімділікті қалыптастырады.
- **Эмоцияны басқару:** Педагог өз көңіл-күйін (шаршауын, ренішін) сөзіне араластырмауы тиіс. Топқа кірген сәттен бастап сөзіміз жылылық пен позитивке толы болуы шарт.

#### **3. Ата-аналармен қарым-қатынастағы сөз әдебі (Деликаттылық)**

Сөйлеу мәдениетінің ең қиын әрі жауапты тұсы — ата-аналармен сұхбаттасу. Бұл жерде кәсіби деликаттылық (нәзіктік) пен сыпайылық алдыңғы орынға шығады.

- **Конструктивті тіл:** Баланың бойындағы қандай да бір мәселені (мысалы: мінез-құлқындағы қиындықтар, сабаққа үлгермеушілік) ата-анаға жеткізгенде, «Балаңыз бұзық», «Тәртіпсіз», «Сөз тындамайды» деген сияқты тікелей, ауыр бағалау сөздерін қолдануға болмайды.
- **Сэндвич әдісі:** Алдымен баланың жақсы қасиетін айтып, содан кейін мәселені сыпайы жеткізіп, соңында оны бірге шешуді ұсыну керек. Мысалы: *«Әли өте зерек, белсенді бала. Бірақ бүгін сабақ үстінде зейінін сәл басқа нәрсеге бұрып алды. Осы жағын үйден бірге қадағалап жіберсек қалай болады?»*.
- **Тындай білу — сөйлеу мәдениетінің бөлшегі:** Нағыз мәдениетті педагог тек өзі сөйлемейді, ата-ананың да, баланың да уәжін бөліп тастамай, соңына дейін мұқият тындай алады.

### **Қорытынды**

Халықта «Жылы-жылы сөйлесе, жылан інінен шығады» деген нақыл сөз бар. Тәрбиешінің мәдениетті, әдемі әрі сыпайы сөзі — бөбекжайдағы әрбір баланың жүрегіне жол табатын басты кілт.

Біздің сөйлеу мәдениетіміз — бұл біздің кәсіби абыройымыз бен бөбекжайдың мәртебесі. Тіліміз таза, сөзіміз сыпайы, ал дауысымыз әрқашан мейірімді болғанда ғана біз саналы да тәрбиелі ұрпақ қалыптастыра аламыз.

**Назарларыңызға рақмет!**

**«Күншуак» жекеменшік бөбекжай-бақшасы**  
**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**  
**№3 Хаттамасы**

Таушық ауылы  
Қ. Жұбайұлы №33

23 қаңтар 2025

Қатысқандар:

1. Қосуақова Рысхан – төрайымы, аналар кеңесі төрайымы;
2. Кушакбаева Жанна – Түпқараған ауданы оқу әдістемелік орталығы әдіскері;
3. Тастемирова Жанилсин – мүшесі, ардагер ұстаз;
4. Жамишова Гүлжихан – мүшесі, психолог;
5. Ходжа-Ахметова Камшат – мүшесі, тәрбиеші;
6. Медиманова Айгул – мүшесі, аналар кеңесі мүшесі;
7. Жаксылыкова Айгуль – хатшы, бөбекжай әдіскері.

**Күн тәртібінде**

1. «Педагог дауысы» ашық брифинг.

**1-ші мәселе бойынша:**

**Баяндамашы:** Ходжа-Ахметова Камшат

**Мазмұны:** Брифингте педагогтардың кәсіби әдеп нормаларын сақтау деңгейін арттыру мәселесі қарастырылды. Педагогтің бала тәрбиесіндегі рөлі, сөйлеу мәдениеті, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынастағы әдеп талаптары талқыланды. Сондай-ақ, ұжым ішіндегі сыйластық пен кәсіби жауапкершілікті күшейту қажеттілігі айтылды.

**Шешімдер**

1. Педагогтардың әдеп нормаларын сақтау бойынша тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2. Ай сайын педагогикалық әдепке байланысты тренингтер мен талқылаулар ұйымдастыру.
3. Қиын жағдайларды талдау үшін “кейс-талқылау” отырыстарын енгізу.
4. Педагогтардың сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған семинарлар өткізу.
5. Әр педагогтың кәсіби этикасын бақылау және қолдау жүйесін күшейту.

**Қорытынды:** Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – бөбекжайдағы тәрбиелік процестің сапасын арттыратын негізгі шарт. Әдепті педагог –



**Брифинг тақырыбы:** “Педагог дауысы” ашық брифингі

**“Педагог дауысы” ашық брифингінің мақсаты** – бөбекжай педагогтарының кәсіби әдеп нормаларын сақтау деңгейін арттыру, педагогикалық ұжымда этикалық мәдениетті қалыптастыру, бала тәрбиесінде ізгі қарым-қатынас қағидаларын нығайту және педагогтардың кәсіби жауапкершілігін күшейту.

### **Құрметті әріптестер!**

Бүгінгі “Педагог дауысы” атты ашық брифинг педагогикалық әдеп кеңесі аясында ұйымдастырылып отыр. Бұл брифингтің негізгі мақсаты – бөбекжайдағы педагогтардың кәсіби этикасы, жұмыс барысындағы өзекті мәселелер және ұжым ішіндегі қарым-қатынасты жақсарту бойынша ашық пікір алмасу алаңын құру.

Педагог – бала тәрбиесінің негізін қалаушы тұлға болғандықтан, оның әрбір сөзі, іс-әрекеті, мінез-құлқы балаға тікелей әсер етеді. Сондықтан педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – әрбір тәрбиешінің міндеті.

#### **1. Брифингтің мақсаты**

- Педагогтардың кәсіби әдеп нормаларын сақтау деңгейін арттыру
- Ұжымдағы ашық пікір алмасу мәдениетін қалыптастыру
- Күнделікті жұмыс барысында кездесетін этикалық мәселелерді талқылау
- Педагог беделін көтеру және кәсіби жауапкершілікті нығайту

#### **2. Педагогикалық әдептің негізгі талаптары**

Бөбекжай педагогі төмендегі нормаларды сақтауы тиіс:

- Баламен сөйлесуде жұмсақ, сабырлы үн қолдану
- Әр баланы тұлға ретінде құрметтеу
- Әділдік қағидасын сақтау (алалау, кемсітуге жол бермеу)
- Ата-анамен мәдениетті, сыпайы қарым-қатынас орнату
- Ұжым ішінде сыйластық пен кәсіби әдепті сақтау
- Құпия ақпаратты жария етпеу

#### **3. Күнделікті жұмыста кездесетін этикалық қиындықтар**

Брифинг барысында төмендегі мәселелер жиі талқыланады:

- Баланың тәртібіне байланысты эмоцияны ұстай алмау
- Ата-анамен түсініспеушілік жағдайлар
- Ұжым ішіндегі келіспеушіліктер
- Баланың жеке ерекшелігін ескермеу
- Жұмыс барысында асығыстық пен шыдамсыздық

#### **4. Педагог дауысы – ашық пікір алаңы**

Бұл бөлімде педагогтар:

- өз тәжірибесіндегі қиын жағдайлармен бөліседі
- этикалық қателіктерді талдайды
- шешу жолдарын ұсынады

- өзара қолдау мәдениетін қалыптастырады

Педагог дауысы – бұл сын емес, керісінше кәсіби дамуға бағытталған ашық диалог алаңы.

#### 5. Педагог әдебін сақтау бойынша ұсыныстар

- Эмоционалдық тұрақтылықты дамыту (стресс басқару тренингтері)
- Тұрақты түрде педагогикалық кеңестер мен брифингтер өткізу
- “Сыйластық мәдениеті” ішкі ережесін енгізу
- Қиын жағдайларды талдау үшін ортақ кейс жиналыстар ұйымдастыру
- Әр педагогқа өзін-өзі бағалау парағын жүргізу

**Қорытындылай келе,** “Педагог дауысы” брифингі педагогтардың кәсіби дамуына, ұжымдағы өзара түсіністік пен сыйластықты арттыруға бағытталған маңызды құрал болып табылады. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – баланың қауіпсіздігі мен сапалы тәрбиесінің кепілі.

**Назарларыңызға рахмет!**

**«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы**  
**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**  
**№4 Хаттамасы**

Таушық ауылы  
Қ. Жұбайұлы №33

14 наурыз 2025

Қатысқандар:

1. Қосуақова Рысхан – төрайымы, аналар кеңесі төрайымы;
2. Кушакбаева Жанна – Түпқараған ауданы оқу әдістемелік орталығы әдіскері;
3. Тастемирова Жанилсин – мүшесі, ардагер ұстаз;
4. Жамишова Гүлжихан – мүшесі, психолог;
5. Ходжа-Ахметова Камшат – мүшесі, тәрбиеші;
6. Медиманова Айгул – мүшесі, аналар кеңесі мүшесі;
7. Жаксылыкова Айгуль – хатшы, бөбекжай әдіскері.

**Күн тәртібінде**

1. Педагогтердің құқықтары.
2. Педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп этикалық нормалары.
3. Бөбекжайдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.

**1-ші мәселе бойынша:**

**Баяндамашы:** Қосуақова Рысхан

**Мазмұны:** Жиында Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы мен Еңбек кодексі аясындағы педагог қызметкерлердің негізгі құқықтары талқыланды. Отырыста педагогтың кәсіби қызметіне заңсыз араласуға, оларды кәсіби міндеттеріне жатпайтын жұмыстарға (есептен тыс шамадан тыс қағазбастылық, заңсыз сенбіліктер, т.б.) тартуға жол берілмейтіні баса айтылды. Тәрбиешілердің кәсіби қадір-қасиетін қорғау, заманауи әдіс-тәсілдерді еркін таңдау және өз біліктілігін арттыру құқықтары сөз болды.

**2-ші мәселе бойынша:**

**Баяндамашы:** Тастемирова Жанилсин

**Мазмұны:** Бұл мәселе бойынша педагогтың тек жұмыс орнында емес, бөбекжайдан тыс жерлерде, қоғамдық ортада және цифрлық кеңістіктегі (әлеуметтік желілердегі) іс-әрекеті қаралды. Педагогтың сырт келбеті, киім кию мәдениеті, өзін-өзі ұстауы және қоғамда ұстаз деген биік атқа нұқсан келтірмейтіндей үлгі болуы қажеттілігі айтылды. Желідегі парақшаларда тұрпайы мазмұндағы материалдарды бөліспеу, көпшілік алдында (соның

ішінде ата-аналар чаттарында) эмоцияға берілмей, ұстамдылық таныту ережелері талқыланды.

### **3-ші мәселе бойынша:**

**Баяндамашы:** Жамишова Гулжихан

**Мазмұны:** Бөбекжай қабырғасындағы күнделікті тәрбие-білім беру процесінде педагогикалық әдептің орындалу тетіктері сөз болды. Кіші жастағы балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, оларға ешқандай психологиялық немесе физикалық қысым көрсетпеу, дауыс көтермеу, әр балаға тең қарау мәселесі пысықталды. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен ішкі тәртіп ережелерін бұлжытпай орындау, тәрбиешілер мен көмекші тәрбиеші арасындағы өзара сыйластықты, сондай-ақ ата-аналармен сенімді серіктестікті орнату жолдары қаралды.

### **Шешімдер:**

1. Бөбекжай педагогтерінің кәсіби құқықтары мен заңды мүдделері қатаң қорғалсын; ұйымда ұстаздардың өз міндетіне жатпайтын функцияларға тартылуына жол берілмесін және әрбір қызметкердің кәсіби еркіндігі мен құқықтық сауаттылығы тұрақты назарда ұсталынсын.
2. Педагогтер көпшілік ортада және әлеуметтік желілерде кәсіби этика нормаларын сақтай отырып, өздерінің мінез-құлқы мен жарияланымдары арқылы қоғамда тәрбиеші мамандығының беделін арттыруға міндеттелсін.
3. Бөбекжайдың барлық топтарында педагогикалық әдеп ережелері мен Санитарлық нормалардың сақталуына тұрақты ішкі бақылау жүргізілсін; балалардың құқығын бұзатын немесе кәсіби деликаттылыққа жатпайтын кез келген әрекеттердің алдын алу шаралары күшейтілсін.

### **Отырыс қорытындысы:**

Өткізілген Әдеп кеңесінің отырысы педагогтің құқықтарын қорғау мен оның жауапкершілігін арттырудың өзара байланысты екенін айқын көрсетті. Заңмен бекітілген құқықтарын білетін педагог өзінің қоғамдағы және бөбекжай ішіндегі этикалық міндеттерін де терең сезінуі тиіс. Көпшілік ортадағы мәдениеттілік, цифрлық әдеп және балалармен жұмыстағы жоғары тактика — бөбекжайдың сапалы әрі қауіпсіз білім беру кеңістігіне айналуының басты кепілі болып табылады.



**Кеңес төрайымы:**

**Хатшы:**

*Р. Қосуақова*  
*А. Жақсылықова*

Р. Қосуақова

А. Жақсылықова

## **№1 Баяндама тақырыбы: Педагог құқықтары.**

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын арттыру, өз заңды мүдделерін қорғай білу мәдениетін қалыптастыру және кәсіби еркіндік шекараларын айқындау.

### **Құрметті әріптестер!**

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласы — үздіксіз білім беру жүйесінің ең алғашқы әрі маңызды сатысы. Осы сатының сапалы жүзеге асырылуы тікелей бөбекжай тәрбиешісіне, оның тұлғалық және кәсіби жағдайына байланысты.

Қазақстан Республикасында «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы ұстаздар қауымының, соның ішінде бөбекжай педагогтерінің мәртебесін көтеріп, олардың құқықтарын заң жүзінде бекітіп берді. Өз құқығын нақты білетін және оны тиімді қолдана алатын педагог қана балаларға сапалы тәрбие беріп, өзін кәсіби тұрғыдан қауіпсіз әрі сенімді сезіне алады.

### **1. Кәсіби қызметтегі негізгі құқықтар**

Заңнамаға сәйкес, балабақша педагогтері өздерінің күнделікті тәрбие-білім беру процесінде келесідей іргелі құқықтарға ие:

- **Әдіс-тәсілдерді еркін таңдау:** Педагог бөбекжайдың үлгілік бағдарламасы шеңберінде тәрбие-білім берудің заманауи педагогикалық әдістемелерін, дамытушы ойындарды, көрнекі құралдар мен авторлық технологияларды еркін таңдауға және қолдануға құқылы.
- **Шығармашылық белсенділік:** Өз тәжірибесінде жаңа идеяларды енгізуге, зерттеу жұмыстарымен айналысуға және озық тәжірибесін ұжым арасында, қалалық, облыстық деңгейде таратуға құқығы бар.
- **Біліктілікті арттыру:** Мемлекет есебінен бес жылда кемінде бір рет өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өтуге құқылы.

**2. Кәсіби қадір-қасиетті қорғау және заңсыз араласудан қорғалу құқығы**  
Заңның ең басты жетістіктерінің бірі — педагогты негізсіз тексерістер мен кәсіби қызметіне сырттан келетін қысымдардан қорғауы.

- **Қызметіне заңсыз араласуға тыйым салу:** Лауазымды тұлғалардың, ата-аналардың немесе өзге де азаматтардың педагогтің кәсіби міндеттерін орындау ерекшеліктеріне (заңнама талаптары бұзылмаған жағдайда) орынсыз араласуына жол берілмейді.
- **Ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу:** Педагог өз қызметін атқару барысында жеке тұлғалар (соның ішінде ата-аналар) тарапынан болатын дөрекіліктерден, негізсіз айыптаулардан және балабақша беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерден заң аясында қорғалуға құқылы.

**3. Артық жүктемеден және міндетіне жатпайтын жұмыстардан қорғалу**  
Тәрбиешілерді ең көп қажытатын мәселе — кәсіби міндетіне кірмейтін жұмыстарға жегілу болатын. Қазіргі заңнама бұл мәселені қатаң шектеді:

- **Тікелей міндетіне жатпайтын жұмыстарға тартуға тыйым салу:** Педагогты өзінің лауазымдық нұсқаулығында жоқ жұмыстарға

(мысалы: заңсыз сенбіліктер, мамандығына қатысы жоқ іс-шараларды ұйымдастыру, тауарлар мен қызметтерді сатып алуға мәжбүрлеу) тартуға мүлдем жол берілмейді.

- **Есептіліктен қорғалу:** Тәрбиеші тек білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен нақты құжаттар тізімін ғана толтыруға міндетті. Бекітілмеген, заңсыз әрі артық қағазбастылықты талап етуге ешкімнің құқығы жоқ.

### **Қорытынды**

Құқық пен жауапкершілік — бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Өз құқығын терең түсінген бөбекжай педагогы сонымен бірге өз мойнындағы бала өмірі мен денсаулығына, оның тәрбиесіне деген кәсіби жауапкершілікті де жоғары сезінеді.

Біздің бөбекжайда әрбір тәрбиеші мен қызметкердің құқығының қорғалуы — ұжымдағы тұрақтылықтың, өзара сыйластықтың және балаларға берілетін тәрбиенің жоғары сапасының кепілі. Заң аясында өз құқығымызды мақтанышпен пайдалана отырып, бөбекжайымыздың мәртебесін бірге көтерейік.

**Назарларыңызға рақмет!**

**№2 Баяндама тақырыбы:** Педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.

**Мақсаты:** Бөбекжай педагогтерінің қоғамдық ортада, әлеуметтік желілерде және күнделікті өмірде өзін-өзі ұстау мәдениетін арттыру, кәсіби этика ережелерін түсіндіру және ұйымның оң имиджін қалыптастыру.

Педагог мамандығы — бұл тек жұмыс уақытымен (сағат 8:00-ден 18:00-ге дейін) ғана шектелетін қызмет емес. Қоғам тәрбиешіге бала жанын сеніп тапсырғандықтан, оған әрқашан жоғары талаптар қояды. Тәрбиеші — бөбекжай қабырғасында да, одан тыс жерлерде де, көпшілік ортада да үлгі болуы тиіс тұлға. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен Педагогикалық әдеп ережелеріне сәйкес, педагогтің көпшілік алдындағы мінез-құлқы, сөйлеу мәнері және сырт келбеті оның кәсіби біліктілігінің ажырамас бөлігі болып танылады.

### **1. Қоғамдық ортада өзін-өзі ұстау мәдениеті**

Педагогтың көпшілік жиналған жерлерде (көшеде, дүкенде, қоғамдық көлікте немесе мәдени іс-шараларда) өзін қалай ұстауы — оның ішкі мәдениетінің көрсеткіші.

- **Ұстамдылық пен сыпайылық:** Тәрбиеші кез келген тұрмыстық немесе қоғамдық дау-дамайларда сезімге берілмей, сабырлылық танытуы керек. Дөрекілікке, айқай-шуға жол бермеу — ұстаздық этиканың басты шарты. Себебі, сізді кез келген уақытта балабақшаның ата-аналары немесе тәрбиеленушілері көріп тұруы мүмкін.
- **Сырт келбет пен киім мәдениеті:** Көпшілік ортада педагогтың сырт келбеті жинақы, қарапайым әрі талғаммен киінген болуы тиіс. Тым ашық, қоғамдық этикаға сәйкес келмейтін киім үлгілері тәрбиешінің кәсіби беделіне нұқсан келтіреді.
- **Жаман әдеттерден аулақ болу:** Көпшілік көзінше зиянды әдеттерге (темекі шегу, алкогольдік өнімдерді тұтыну, т.б.) бой алдыру, әсіресе балалар мен ата-аналар серуендейтін орындарда мұндай әрекеттер жасау — педагогикалық әдепке мүлдем қайшы.

### **2. Әлеуметтік желілердегі «цифрлық әдеп»**

Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook, TikTok) мен мессенджерлер (WhatsApp) де — үлкен көпшілік орта болып есептеледі. Педагогтың виртуалды әлемдегі әрбір қадамы қатаң бақылауда болады.

- **Жеке контенттің сипаттамасы:** Тәрбиеші өзінің жеке парақшасына жариялайтын фотосуреттер мен бейнероликтердің мазмұнына өте мұқият болуы керек. Тұрпайы әзілдері бар видеоларды бөлісу, демалыс сәттеріндегі тым ашық кадрларды желіге жүктеу ұстаздың беделін түсіреді.
- **Пікір жазу мәдениеті:** Желідегі түрлі талқылаулар мен посттардың астына пікір қалдырғанда балағат, дөрекі сөздерді қолдануға, біреудің намысына тиетін жазбалар жазуға тыйым салынады. Сөз тазалығы мен этика желіде де сақталуы тиіс.

- **Ата-аналар чатындағы мәдениет:** WhatsApp-тағы топтық чаттарда ата-аналармен сөйлескенде уақыт режимін сақтау, эмоцияға бой алдырмай, тек ресми, сыпайы тілде жауап беру — кәсіби шеберліктің белгісі.

### **3. Көпшілік ортада әріптестер мен мекеме абыройын қорғау**

Педагогтың көпшілік арасында өз әріптестері мен өзі қызмет ететін бөбекжай туралы айтқан сөздері де этикалық нормалармен реттеледі.

- **Ішкі мәселелерді сыртқа шығармау:** Бөбекжай ұжымы ішіндегі жұмыс барысындағы келіспеушіліктерді, ішкі мәселелерді сырт көздерге (таныстарға, ата-аналарға немесе әлеуметтік желіге) жария етіп, талқылау — корпоративтік этиканы өрескел бұзу болып табылады. Кез келген мәселе мекеме ішінде, Әдеп кеңесінде ғана шешілуі тиіс.
- **Әріптеске деген құрмет:** Көпшілік ортада, ата-аналардың көзінше басқа тәрбиешілердің немесе көмекші персоналдың жұмысын сынауға, олардың беделін түсіретін сөздер айтуға мүлдем жол берілмейді.

#### **Қорытынды**

«Ұстазы жақсының — ұстанымы жақсы» дейді халқымыз. Педагогтың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларды сақтауы — бұл жай ғана міндет емес, бұл — қоғамның ұстаз мамандығына деген құрметін сақтап қалудың жалғыз жолы. Біздің әрбір іс-әрекетіміз, киген киіміміз, сөйлеген сөзіміз бен желідегі жазбамыз бөбекжайымыздың абыройын асқақтата түсуі тиіс. Өзіміздің кәсіби мәртебемізді жоғары ұстап, көпшілікке әрқашан мәдениеттіліктің озық үлгісін көрсете білейік.

**Назарларыңызға рақмет!**

**№3 Баяндама тақырыбы:** Бөбекжайдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.

**Мақсаты:** Бөбекжай қабырғасында педагогикалық этиканың орындалу тетіктерін пысықтау, тәрбиешілер мен көмекші персоналдың кәсіби жауапкершілігін арттыру және бала үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру.

### **Қайырлы күн әріптестер!**

Бөбекжай — бұл баланың отбасынан кейінгі алғашқы әлеуметтік ортасы, оның тұлғалық қасиеттерінің іргетасы қаланатын киелі мекен. Мектепке дейінгі жастағы, әсіресе ерте жастағы бөбектер өте нәзік, еліктегіш және қорғансыз келеді. Олар өз құқықтарын қорғай алмайды немесе үйдегі ата-анасына бөбекжайдағы жағдайды толық жеткізіп айта алмайды.

Сондықтан бөбекжайдағы педагогикалық әдепті сақтау — бұл жай ғана қызметтік ереже емес, бұл — баланың құқығын қорғаудың және мекемедегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ең басты құралы.

### **Баламен қарым-қатынастағы әдеп талаптары**

Бөбекжайдағы әрбір бала өзін қауіпсіз, еркін және жақсы көретін ортада сезінуі тиіс. Осы мақсатта педагогтар мен көмекші тәрбиеші келесі талаптарды бұлжытпай орындауы шарт:

- Қысым көрсетуге мүлдем тыйым салу: Балаға қандай да бір физикалық (қол жұмсау, сілку, бұрышқа тұрғызу) немесе психологиялық (қорқыту, жекіру, топтан бөлектеп жалғыз қалдыру) қысым көрсетуге заң жүзінде де, этика аясында да мүлдем жол берілмейді.
- Дауыс көтермеу мәдениеті: Балалардың жылауы, тамақ ішкісі келмеуі немесе ұйықтамауы — табиғи құбылыс. Мұндай сәттерде тәрбиеші мен бала күтушісі айқайға баспай, сабырлылық танытып, баланы жұбатудың, зейінін басқа жаққа аударудың педагогикалық жолдарын табуы керек.
- Теңдік принципі: Балаларды «жақсы» немесе «жаман», «пысық» немесе «баяу» деп бөлуге, ата-анасының әлеуметтік жағдайына қарай бөлектеуге тыйым салынады. Әрбір бөбек — тең құқылы тұлға.

### **Санитарлық-эпидемиологиялық және ішкі тәртіп нормаларын сақтау**

Бөбекжайдағы әдеп тек сөйлесумен шектелмейді, ол баланың денсаулығы мен күтіміне тікелей байланысты.

- Гигиена мен күтімді жоғары деңгейде ұстау: Баланың үсті-басының тазалығы, уақытылы дәретханаға баруы, киімінің құрғақ әрі жинақы болуын қадағалау — тәрбиеші мен көмекші персоналдың ортақ әдептік міндеті. Баланың үсті-басы кір немесе дымқыл күйде жүруі — кәсіби салғырттық деп танылады.
- Санитарлық талаптарды (СанПиН) бұлжытпай орындау: Ойыншықтардың тазалығы, бөлменің уақытылы желдетілуі мен жуылуы — балалардың денсаулығын қорғаудың басты кепілі. Бұл міндеттерді сапасыз атқару — педагогикалық әдепке де, еңбек тәртібіне де қайшы.

## **Ұжым ішіндегі және ата-анамен байланыстағы әдепті қамтамасыз ету тетіктері**

Бөбекжайдағы әдептілік климаты ұжымдағы ауызбіршіліктен басталады.

- Тәрбиеші мен көмекші тәрбиешінің ынтымақтастығы: Бұл екі маман — бір топтың тірегі. Олардың арасында өзара түсіністік пен сыйластық болуы керек. Балалардың көзінше бір-біріне дауыс көтеруге, ренжісуге немесе бұйрық райында дөрекі сөйлесуге мүлдем болмайды. Олардың үйлесімді жұмысы — балаларға үлгі.
- Ата-аналармен сенімді серіктестік: Баланың қабылдау (адаптация) кезеңінен бастап ата-анамен ашық, сыпайы диалог орнату қажет. Баланың бойындағы ерекшеліктер мен өзгерістерді ата-анаға ескерткенде тек кәсіби, деликатты (нәзік) тілмен жеткізу маңызды.

### **Қорытынды**

Бөбекжайдағы педагогикалық әдепті сақтау мен қамтамасыз ету — бұл біздің мекеменің әрбір қызметкеріне тиесілі ортақ жауапкершілік. Әрбір сәбидің бөбекжайға жыламай, қуанышпен келуі, ата-ананың бізге деген шексіз сенімі — біздің этикалық нормаларды қаншалықты жоғары деңгейде сақтап отырғанымыздың басты дәлелі. Ұжым болып, заң талаптары мен Санитарлық нормаларды қатаң сақтай отырып, бөбектерімізге жылылық пен мейірімділік сыйлау арқылы балабақшамыздың абыройын әрқашан биік ұстайық.

**Назарларыңызға рақмет!**